

Кенен Әзірбаевтың "Аңыздар сыры"

жайында

"Қазақстан" баспасы, 1969 жылдың тақырыптық жоспары

8 баспа табақ. Әдеби жазбасы Н.Төреқұловтікі.

Редакторы М.Рашев.

Аты-шулы ақын, өнші Кенен Әзірбаев өзінің бұл кітабында ұзақ өмірі ішінде көзімен көрген, елден есітіп жадына сақтаған әңгіме-аңыздарды шертеді. Жетісуды жайлаған өншілер мен ақындар шешендер мен батырлар хикаяларын жұртшылық назарына ұсынады. Орынды-ақ.

Латқа торқақ, сөзге ^{ж/Т}торпақ қарияға осы үлгі-өнеге сөздерді қағаз бетіне түсіруге болысқан әдебиетші ғалым Н.Төреқұловтың да еңбегі игі. Қолжазба жайлы біздің ә дегендегі әсеріміз осындай еді.

Ендігі мәселе, қолжазбаның кеңілге күдік, қиялға келеңке салатын, талас тудыратын жерлері жайында.

Кенен ақсақалдың хикаялары арасында әр түрлі авторлардан өлең-жырлар келтіріліп отырады. Бұл дұрыс та, дәлелді де. Бірақ, кейбір үзінділердің көркемдігі нашар, ойы бұлдыр. Олар не қысқартылып, не редакциялануы керек еді. Негізінде олай болмаған. Мәселен,

Мен бала жас қойшысы Әменбайдың,

Он үште ел толына араластым.

Өлерде Сарбас ақын шақырып-ап,

Тапсырды өз қолынан домбырасын.

/17-бет/.

Мұны жеген адам

Түніменен жатпайды

/53-бет/.

Нәпсі деген бәледүр,

Жанған отқа саладүр,

= 2 =

Өз нәпсің қандай болса,
Жастыққа бой бермеген
Жалғыз-ақ дәу Сыпатай.

/85=бет.

Мұсылман болсаң иманың кетті,
Майор болсаң бағың кетті.

/120=бет/.

Ал кейбір өлең жолдары қате, немесе, қалып қойған. Айттайық Сүйімбайдың Тезек төреге айтқаны дейтін өлеңнен "Елден жылқы қоймаған кезеп төре" деген бір жол түсіп қалыпты /130=бет/ "Мойныма түсірдің=ау тұзақ құрып" дегеннің, соңғы ұйқасында тұрған сөз құрып емес, торғып болар, логика да өлең ұйқасы да соны тілеп тұр /171=бет/. Осы тәріздес, дәлсіздік, нәрсіздік, әлсіздіктер тұсына белгі қойып отырдық.

Сол сияқты, орнын таппай жаңсақ қолданылып кеткен сөздер де баршылық: "Жандаралдар қарап жүріп оларды Ноғайбай аулынан тауып, айдап кетпек болады" /74=бет/. Қазақ жандарал деп генералды айтқан, еңдеше елден қашып жүрген екі-үш адамды жандаралдар жабыла іздеуі сенімсіз. Жандармдар болса бір сәрі. "Қойныма домбырамды тығып алып аспазда, шайханада отырған сәудегер дел=далға, байларға өлең айтып,.. " /18=бет/ Осы арадағы аспазға дегенді асханада деу орынды. Бұл сияқты жаңылыстар қолжазбада әлі де көп, бірақ, біз оларды тізе бермедік. Осы екі мысалды тілге тиек үшін ғана алып отырмыз.

Қолжазбада басы артық, оқығасы жат, идеясы қазіргі оқушы-жұртшылыққа ұсынуды көтермейтін, өзін ақтамайтын қала берсе, авторға ұят келтіретін тараулар да кездеседі.

Мәселен, "Мөртай сәлу" деген бөлімде Кенен көнді кеткен келіншекті некелі қосағынан азғырып, ажыратып алады да, кейін жанына қысым келгенде: "Большевик бар, өлтіре алмай=

= 3 =

сындар, абайландар!" - деп жалтақтайды. "Ләтипа мен айтыста Кенекең өзінің "ревком болып жүрген жылдары" және біреудің жас келіншегін айналдырып, дүйім елді шулатып, әйелді алдап кеткені айтылады. Сонда Ләтипа ақын:

Сәлем айт төрт дулаттың Кененіне,

Әні мен ғашық боп ем өлеңіне.

Еркек емес ез екен ақын Кенен

Артына бір қайрышмай жөнеді де,- деп

зарлап қала береді. Осы тәріздес оқиғаны баяндайтын "Нәсиқаға талас" дейтін тарау да, қайта қарауды керек етеді. Бір ғажабы, сөйтіп жүрген Кенекеңнің өзінің отау иесі үйлібаранды шағы екендігі. Осындай авторға абырой әпермейтін тарауларды редактордың қалай байқамағандығы ойға симады.

8.=84=беттердегі Кебекбай мен Ноғайбай арасындағы бос сөз сайыс, 86=беттегі, қолжазба бойынша жағымды кейіпкер саналатын Бөлтіріктің батыры кінәсіз Төкелдесті зальымдықпен алдап өлтіруі. Сол Бөлтіріктің "Сарт пен биттің жүрмейтін жері бар ма?" /87=бет/ деп анайы қалжыңдауы, Сарбиге: "Мен сен сияқты қубас емеспін" дейтін орынсыз әзілі /89=бет/ және Тілеміс Тәшкентке барғандағы өзбектермен дарақылық қылықтары ешқандай салмақ көтермейтін, қазіргі көзқарасымызға қайшы, бимазмұн дүниелер. Бұларды батыл сылып тастау қажет.

Жалпы алғанда, қолжазба нашар қаралған, қайта редакциялауды қажет етеді.

Оқу педагогикалық және
Көркем әдебиет=бөлімінің
бастығы:

Ә.АХМЕТОВ.

Вс

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВИ

қор	2175
тізбе	1
іс	145

Алматы қаласы
Нысанбек
Төрешұлов

Э. Ахметов.
"Кекен Әзірбаевтың "Аңыздар
сыры" жайында".
Тікір.
Мәшһүрхановтың кезеңі.

Бастапқы және соңғы мерзімі 1969

Құжат саны _____

Парақ саны 3

қор	2175
тізбе	1
іс	145